

**Қалымбайұлы Е.**

**Жаңарған мұражай / Е.Қалымбайұлы // Орталық  
Қазақстан.- 2005.-24 ақпан.**



Өткен жұма күні Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры, заманының заңғар тұлғасы, «сегіз қырлы бір сырлы» академик Е.А.Бөкетовтің жөнделіп, жаңартылған Мемориалдық мұражайының ашылу салтанаты болды. Мемориалдық мұражайды күрделі жөндеу университет ұжымының қаржы бөлуімен өткен жылдың қараша айнан басталыпты. Гоголь көшесіндегі осы мұражай

ашылған ҚарМУ-дың ғимаратында ғұлама ғалым көп жыл еңбек еткенін де айта кетейік.

Рәсімге кезінде қызметтес болған замандастары, шәкірттері, көзін көргендер, университет ректоры Е.Көбеев пен сол оқу орнының декандары т.б. лауазым иелері атсалысты. Алдымен университет ректоры сөз алып Е.Бөкетовтың 80 жылдығына дайындық барысын, өткізілген іс-шаралар легін қысқаша мәлімдеді. 23-24 наурызда университетте «Академик Е.Бөкетов - ғалым, оқытушы, ойшыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция болмақ. Қатысуға шетелдерден де өтініштер келіп жатыр екен. Академиктің ұлағатты өмір жолын, еліне сіңірген еңбегін жас ұрпаққа насихаттау жолында



Қарағанды облысы ЖОО-лар студенттері арасында «Ұлы даланың



кемеңгері» атты ақындар айтысы мен «Жырлайық ұлылығын ұлылардың» жыр мүшәйресі өтпек. Сонымен қатар ЖОО-дар оқытушылары қатысуымен ғалымның сүйікті ойыны бильярдтан үлкен турнир ұйымдастырылмақшы. Облыстық Мәслихаттың хатшысы Қ.Медиев шараны жоғары деңгейде атап өту үшін облыста арнайы комиссия құылып, жұмыс істеп жатқанын атап

өтті. С.Сейфулин атындағы облыстық қазақ драма театры ұжымы Евней Арыстанұлы ана тілімізге аударған В.Шекспирдің «Юлий Цезарын» сахналамақ. Оның сыртында деректі фильмде түсірілуде. Ерекше тоқталар

бір жайт Е.Бөкетовке үлкен ескерткіш орнатылмақ. Қойылатын жері де анықталған, яғни университет маңайы. Бұл тойдың басы, ұзамай сол күнге куә боламыз», деді ол сөзінің соңында.

Одан әрі ғалымның көзін көргендер өткен күнге шегініс жасап, біраз естеліктердің, басың қайырды. Соңында ғалымның інісі Қамзабай Арыстанұлы Бөкетов мұражайдың құрылу тарихи туралы біраз сөз айтты. Мұражайдағы 6 залдан кез-келген адам ғалымның өмір жолы, еңбектері және академик туралы шәкірттері, үлкен танымал адамдар жазған естеліктерден толық ақпарат ала алады. Бүгінде аталмыш мұражайда академик туралы сыр шертетін 4468 экспонат бар. Енді шетелден келген қонақтар болса да ұялмай көрсете аламын, деп қуанышын жеткізіп, жаңарып-жасарып, толыққан мұражайды келгендерге аралап тамашалауға шақырды.

Buketov university